



Шығыс Тянь-Шаньның ежелгі тұрғындары және олардың мәдени мұралары¹

Т.З. Қайыркен

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан Республикасы
(E-mail:kairkentz@mail.ru)

ARTICLE INFO

Кілт сөздер:
Шығыс Тянь-Шань,
Шығыс Түркістан,
сақтар, хундар,
усундер, көне
түріктер, Алагу
сақ қорғаны,
алтын бұйымдар,
қола бұйымдар,
қолданбалы өнер, аң
стилі, антропология,
тілдік ерекшеліктер,
шаруашылық дәстүрі,
Жібек жолы, көне
қалалар.

FTAMP 03.41.91

DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2022-1-34-46>

АННОТАЦИЯ

Шығыс Түркістан – ғылымда әлі де болса толық зерттелмей жатқан аймақ. Әлемдік қауымдастықты пен ғылыми ортаны оның қазіргі жағдайымен бірге бай тарихы да қызықтырады. Тянь-Шань тауы оны ортасынан бөліп жатқан табиғи географиялық белгі. Таудың оңтүстігі дәстүрлі отырықшылық мәдениеттің, ал солтүстігі көшпелі мәдениеттің дамыған өңірі. Тянь-Шань тауының екі қанатындағы осынау географиялық аймақтың адамзат өркениетінде өзіндік орны бар.

Мақалада алдымен Шығыс Тянь-Шаньның байырғы тұрғындары сақ, хун, үйсін және туцзюэ (көк түрік) секілді ежелгі этностардың пайда болуы мен дамуы, этникалық, тілдік және мәдени байланыстары зерттеледі.

Сақтардың Орталық және Шығыс Тянь-Шаньда пайда болуы ғылымда әлі күнге дейін толық зерттелмеген мәселе. Кей ғалымдар оларды батыстағы скифтермен, оңтүстік-батыстағы үнді-еуропалық халықтармен байланыстырса, Қытай деректері шығыстан – Хэси дәлізі жақтан келген дейді. Бұл жерде автор сақтардың үнді-еуропалық халық пен монголоидтық халықтардың өзара араласуынан пайда болған супер этнос екенін, солтүстіктегілер түркі тілінде сөйлеген монголоидтық нәсіл, ал оңтүстіктегілердің біраз бөлігі үнді-еуропалық тілдің тохар диалектінде сөйлеген еуропалық нәсіл болғанын ортаға қояды. Автор олардың тілдік, антропологиялық белгілерінде ұқсастық болғанымен, қолданбалы өнері мен киім-кешектерінде ортақ элементтердің болғандығын атап көрсетеді. Сондай-ақ, Шығыс Тянь-Шаньнан табылған сақтардың, үйсіндердің мәдени мұраларына талдау жасайды және оларды Жетісу мен Алтайдан табылған осы тектес мұрағаттармен салыстырады.

Сондай-ақ мақалада Шығыс Түркістанды Орталық Азиямен тұтастыратын Жібек жолы бойындағы көне қалалар мен елді мекендерге де тоқталады.

Received 29 January 2022. Revised 12 February 2022. Accepted 01 March 2022. Available online 31 March 2022.

¹ Мақала BR10965370 «Ұлы Жібек жолының тарихи топонимиясын ғылымдар тоғысында зерделеу» атты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен мақсатты бағдарламалық жоба аясында дайындалды.

**For citation:**

Kaiyrken T.Z. Ancient inhabitants of Eastern Tien Shan and their cultural heritage // Turkic Studies Journal. – 2022. – Vol. 4. – No 1. – P. 34-46. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2022-1-34-46>

Дәйексөз үшін:

Т.З. Қайыркен Шығыс Тянь-Шаньның ежелгі тұрғындары және олардың мәдени мұралары // Turkic Studies Journal. – 2022. – Т. 4. – № 1. – 34-46 б. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2022-1-34-46>

Кіріспе

Б.з.д. X ғасырдан б.з. II ғасырына дейін Шығыс Тянь-Шаньдағы этно-мәдени үдерістер өте күрделі болған. Осында мекендеген сақтар Еуразия кеңістігіне кең тараған скиф қауымының бір бұтағы болатын. Бұған дейін ғалымдар оларды түгелдей шығыс ирандықтарға, яғни ариандарға жатқызып келді. Алайда қоныстанған ауқымынан қарағанда, оларды бір ғана этносқа және нәсілге тәуелді деп қарау дұрыс емес. Б.з.д. I-II мыңжылдық кезінде олардың бір бөлігі шығысқа қарай қоныс аударған және олардың қауымы Батыс Қытайға дейін жеткен. Күндердің күнінде сақтар қайта толқып, Ордос үстірті және Хэси дәлізі арқылы Орта Азияға қоныс аударған. Хуанхэ бойынан Қара теңізге дейін олардың әр түрлі қауымы өмір сүрген. Қытай деректері олардың Хэси дәлізінен батысқа көшіп, Орталық және Шығыс Тянь-Шань мен Іле алқабын қоныстанған бөлігі туралы ғана мәлімет береді. Сондықтан Қытайдың «Шицзи» және «Ханьшу» атты көне жазбаларында: «Үйсін мемлекеті... шығыста хұндармен, солтүстік-батыста Қаңлымен, батысында Даваньмен (Ферғана), оңтүстігінде қала мемлекеттермен шектеседі. Бұл әсілі сақтардың жері еді, ұлы юэчжилер сақ патшасын талқандап, Сақ патшасы оңтүстікке Суандуға қарай кетті, ұлы юэчжилер осы жерді келіп қоныстанды. Кейін Үйсін күнбиі ұлы юэчжилерді бұл жерден ығыстырып, ұлы юэчжилер батыста Бактерияға барып бағынды. Ал, Үйсін күнбиі болса осы жерді мекендеп қалды. Сондықтан үйсіндердің ішінде сақтар мен ұлы юэчжилердің де қаны бар», – дейді [1, 335 б.]. Бұл дерек мына екі жағдайдан хабар береді: біріншіден, ұлы юэчжилер мен үйсіндер б.з.д. III ғасырдың бас кезінде Хэси дәлізінен Іле бойына және Ыстықкөл алқабына барып қоныстанғанын, бұған дейін осы өңірде әрекет еткен этностың сақтар екенін, сақтардың ең кем дегенде б.з.д. II ғасыр бедерінде әлі де болса Іле аңғарын мекендеп отырғанын; екіншіден, сақ, юэчжи, үйсін – осы үш этностың көшпенділер мәдениетінің типтік белгілеріне жататындығын әрі аралас қоныстанғанын, үйсін мәдениетінің сақ мәдениетінің жалғасы екенін көрсетеді.

1980 жылдары Қытайдың геоантропологтары Іле аймағы Моңғолкүре ауданына қарасты Сятай, Пома қатарлы жерлердегі қазып алынған үйсіндер мен сақтардың бас сүйектеріне сараптама жасау арқылы олардың арасында ешқандай айырмашылық жоқ екенін байқады. Тіпті, кей ғалымдар үйсіндерді б.з.д. V ғасыр шамасында біртіндеп монголоидтанған исседондар деп қарайды [2, 105 б.]. Бұл қалай дегенмен де сақтар мен үйсіндердің арасында тығыз байланыс бар екенін көрсетеді. Кезінде академик Ә. Марғұлан үйсіндер мен қаңлылардың сақтардың тікелей мұрагері екенін атап көрсеткен болатын. Көптеген ғалымдар б.з.д. VII ғасырда сақтар Оңтүстік Орыс даласы мен Қара теңіз алқабында және Еділ-Жайық өңірінде тіршілік етіп, б.з.д. VI-V ғасырларда Іле алқабына келген деп есептейді. Ендеше, б.з.д. VI-I ғасырлар аралығындағы Іле бойы мен жалпы Шығыс Тянь-Шань алқабындағы көне мәдениет іздерін түгелдей сақтар мен үйсіндердікі деп қарауға негіз бар. Сондықтан біз бұл мақалада сақтардың және олардан кейін пайда болған үйсіндердің Шығыс Тянь-Шаньдағы мәдени мұралары мен мәдени-рухани, шаруашылық байланыстарына, сондай-ақ, олардан соң тарих сахнасына шыққан хун, түрік секілді көне этностардың аталған аймақпен болған байланысына, тілдік, антропологиялық ерекшеліктеріне, қалалар мен елді мекендердің дамуына тоқталамыз.

Зерттеу әдістері мен дереккөздері

Көздеген мақсатқа жету үшін біз мақалада ғылыми-зерттеудің жалпыға бірдей заңдылықтарын, атап айтқанда, тарихи дәйектілік, кешенді жүйелілік және салыстырмалы-типологиялық машық дағдыларымен бірге тарихи-лингвистикалық, археологиялық сипаттама жасау, антропологиялық типтендіру әдістемелер қолдандық, сондай-ақ қытайлық тарихи деректерге сүйендік.

XX ғасырдың 50-жылдарынан бастап Іле бойындағы көне сақ қабірлеріне қытай ғалымы Хуан Вэнби археологиялық зерттеулер жасады. Бұдан соң көптеген көне заман қабірлері бірінен соң бірі ашылды. Олар: Күнес ауданындағы Темірлік көне қорғаны, Шынжаң өндіріс-құрылыс армиясының 71 полкі 1-ротасына қарасты Ютан көне қабірі, Нұрасай және Юантоу-Шань мыс кені, Моңғолкүре ауданына қарасты Қаратөбе, Сятай, Бома, Сарықобы, Қаратас көне қабірлері, Күнес өзені бойындағы Чжунянчан (Нәсілді ұрық фирмасы) көне қабірлері, Текес мал фирмасына қарасты қабірлер, Сортынбұлақ, Шөңкек көне қорымдары, Ұтылан және Құжыртай көне молалары т.б. Бұл көне қабірлердің уақыты шамамен б.з.д. VI ғасырдан б.з.д. I ғасырға дейінгі кезеңге тура келеді. Бұл археологиялық зерттеулер бізді аталмыш өңірдегі сақтардың шаруашылық мәдениетімен, дәстүр-салтымен, иерархиялық жүйесімен тереңнен танысуға мүмкіндік береді.

Алынған материалдарды қытай деректерімен, Геродот жазбаларымен және тұрғылықты халықтың мың жылдарға созылған дәстүр-салтымен салыстырып, олар берген үнсіз ақпараттарының кілтін ашуға болады.

Бұл қабірлерден әдетте қыш ыдыстар, сүйек бұйымдар, аздаған темір құралдар, сиыр мен қойдың сүйектері, қола айна, тастан жасалған керек-жарақтар табылды. Көп мөлшердегі оңай сынататын қыш ыдыстардың табылуы осындағы бір бөлім сақтардың сол кезде-ақ отырықшылық тұрмысқа бейімделгенін көрсетеді. Осы кезге тән қола бұйымдардың табылуы, мысалы, Күнестен табылған қоладан жасаған сақ жауынгерінің мүсіні (биіктігі – 42 см, салмағы – 3 кг) сол кезде металл байыту технологиясының едәуір жоғары өреге көтерілгендігін көрсетеді. Ол екі қолына бір нәрсе ұстап отырған бейнеде сомдалған. Бірақ қолындағы заты жоғалған. Біздіңше бұл тостаған болуы мүмкін.

Геродот сақтардың өлтірген жауының бас сүйегін шарап тостағаны ретінде пайдаланатын салты жайында жаза келіп: «Олар адамның бас сүйегінің қастан төменгі бөлігін әбден кептіріп тазалайды. Егер ол адам кедей кісі болса, онда ол тек бастың сыртын сиырдың қатты қайысымен қаптап алып, пайдалана береді. Егер қолы жетіп тұрған бай болса, онда бас сүйекті сиырдың терісімен қаптап алғаннан кейін іш жағына алтын жалатып шарап тостаған (мәй қадақ) ретінде пайдаланады. Өз тайпаласының бас сүйегінен осындай қадақ-тостаған жасау үшін ол адам сөзсіз патшамен де, өзімен де жауласқан кісі болуы керек», – дейді [3, 456 б.]. Мұндай мәліметтер қытай деректерінде де кездеседі.

Талдау

Сақтар – көп жағдайда көшпелі мал шаруашылығымен шұғылданғандықтан, олардың тек біраз бөлігі ғана отырықшы болған. Ол туралы «Хан кітабында»: «Сақтар судың тұнығын, шөптің сонысын қуалап көшпенді мал шаруашылығымен шұғылданады» делінеді. Ертедегі грек тарихшылары да сақтардың көшпенді халық екенін тілге тиек етеді. 1976 жылы Үрімжінің оңтүстігіндегі Алагу кенді аймағындағы сақтардың тік ақымды ағаш қабырғалы қабірлерінен (竖穴木椁墓) қазып алынған қоса көмілген ағаш астауда қойдың мүшеленген сүйектері мен кішкентай темір пышақ қойылған. Бұл өлген адамның тірісінде етті негізгі арқау асы ретінде пайдаланғанын көрсетеді. Қабірден қоса табылған қой, сиыр, жылқы

сүйектері мұндағы жұрттың сол кезде мал шаруашылығын негіз еткенін, негізінен жылқы, сиыр, қой, түйе өсіргенін дәлелдейді [4, 84 б.].

Сақтар патшалық саяси жүйедегі ел болған. Кей мәліметтерде олар төрт ірі тайпалық бөлікке бөлінеді, әрбір бөлік өз ішінен және де белгілі территориялық аумақтан құралады, әр аумақты бір басқақ (тұтықбек немесе губернатор – ауд.) басқарған» [5, 63 б.]. Олар өлген адамға өзінің ең көрнекті киімін кигізіп, сауыт-сайман, ат-әбзел, ас-тағамын қоса көмген. Көзі тірісінде жақсы көретін атын да пышаққа жығып, қоса жерлеген. Мұндай қабірлер жалпақ тастар мен топырақтан қаланып, айналасына тастан жол сорабы жасалады. 1976 жылы Қытайдың Теміржол министрлігі Оңтүстік Шыңжаң темір жолы құрылысын салу кезінде археолог Ван Бинхуа құрылысшылармен бірге Үрімжінің тура оңтүстік бағытындағы Алагу сайынан сақ дәуірінің 85 көне қабірін тапты. Бұл қабірлер де тас кесектерінен тұрғызылған, пішіні дөңгелек, диаметрі – 5 м, биіктігі – 1 м. шамасында бір-бірімен қатарласа сотүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай көлбеп жатыр. Ал қабірлердің тік төрт бұрыш формалы әрбір ішкі ақымы шығыс-батыс бағыты бойынша қазылған. Ең үлкенінің ұзындығы – 6, 56 м, кеңдігі – 4, 22 м, тереңдігі – 7, 1 м. Ақым ішінде малта тастар мен үлкен жалпақ тас қойылған (біршама үлкен тастың ұзындығы, ені, қалыңдығы түгелдей 1 м-ден астам). Оның астында – ағаш табыт. Ағаш табыт тағы да диаметрі 10 – 24 см. қарағай бөренелермен 1 метр биіктікке дейін айқастыра бастырылған. Адамның мүрдесі табыт ішіне қойылған, онда екі адам жерленген, сүйек бітімдері ерекше кесек. Енді бір үлкен қабірде жап-жас әйел жерленген, оның бас сүйегін әлдеқандай өткір нәрсе тесіп өткен, диаметрі 0,5 см. тесік бар [4, 85 б.].

Ғалымдар бас сүйектегі осы тесік оның өліміне себепкер болған жағдай болуы мүмкін деп есептейді. Ертеден жеткен деректер бойынша ежелгі солтүстік азиялық көшпелі халықтар арасында мынандай бір дәстүр болған, яғни адамның басы қатты ауырған кезде емші бас сүйекті тесіп, ішіндегі қысымды азайтып, науқасты бас ауруынан сақайтатын болған. Мыңдаған жыл бұрынғы мұндай қатерлі әдіс-амалды бүгінгілер қабылдауы екіталай. Дегенмен, мейлі сақ, немесе кейінгі хұн, үйсін болсын, осындағы әйел мүрдесі аталмыш қабір тарихының тым алыста жатқандығынан хабар береді.

Қабірден қоса көмілген барыс айшықты 8 алтын алқа, барыс бедерлі 4 алтын қамар, арыстан айшықты 1 алтын қапсырма, бірнеше алтын қоза және жапырақшалар болып, жалпы 200-ден астам алтын бұйым табылды [6].



Сурет 1. Алагуден табылған алтын алқа

Мұндағы алтын алқалардың өрнегі негізінен ұқсайды. Онда басы тік көтеріліп, алдыңғы аяғы иегін тіреп, артқы аяғы иіріле келіп желкесіне төніп тұрған жолбарыс бейнеленген (1-сурет). Олардың диаметрі – 5,5-5,6 см. Арыстан бейнелі 1 дана алтын қапсырманың ұзындығы 21 см, жалпақтығы 11 см (2-сурет). Ал жұптасқан жолбарыс бедерлі 4 дана алтын қамардың (кісеге жап-



Сурет 2. Алагуден табылған алтын қапсырма

сыратын алтын қапсырма) ұзындығы – 25,4 см, жалпақтығы – 3,3 см.

Шығыс Тянь-Шаньдағы Алагу сақ молаларынан тағы да күміс, мыс, темір, фарфор, ағаш, түрлі сырлы бұйымдар табылды. Темір құралдардан жебе ұшы, кішкентай темір кездік табылды. Соның ішінде алтын бұйымдар мен әшекейлер көп. Қола бұйымдар мен әшекейлер стиль жағынан Қазақстаннан табылған осы тектес мұрағаттарға ұқсас келеді. Осылардың арасында айырықша көзге түсетіні төртбұрыш тұғырға қондырылған тұз тағысының

бейнесі орнатылған мыс табақша. Оның жалпы биіктігі – 32 см, тұғырдағы айналасы 30 см-лік төрткіл табақшаның ортасына қатар тұрған арыстан тақылетті бірнеше жыртқыштың бейнесі сомдалған. Олардың жалы толқындалған түрде қуыс түтік рәуішті түйістірілген. «Бұлардың бәрі тоналған (ұрланған) моладан қалған тәжіге, киімге, белдікке, аяқ киімге тағатын алтын әшекейлер. Ал, күміс бұйымдардан осында табылғаны небәрі 7 дана. Бұдан алтынға тәу етудің сақтар өмірінің ерекше бір белгісі екенін байқаймыз» [7, 125 б.]. Алағудегі тік ағаш қабірлерден сырлы бұйымдар, жібек кездемелер де қазып алынды.

Ван Бинхуа «Ерте заманғы Шынжаң сақтарының тарихы туралы» атты еңбегінде Алағудегі қорғанынан табылған қола бұйымдарды Күнес ауданынан табылған қола бұйымдармен, Нылқы Нұрасайдағы мыс кенімен байланыстыра зерттеп, бұлардың бәрі сақтардың қолданбалы өнер туындысы екенін дәлелдеді және олардың Орта Азиямен байланысын зерттеді [8, 48-59 б.]. Ол Алағудегі сақ қорғанын зерттеп болғаннан кейін 1979 жылы Күнче дариясын бойлап, ежелгі қала Кроранды және орның маңындағы көне қабірлерді зерттеуге кірісті. Бұл қаланың орнын 1906 және 1914 жылдары швед археологы Свен Гедин (Sven Hedin) тапқан еді. Бұдан соң 1930 жылы археолог Хуан Вэньби осында келгенімен Лобнор көлі жайылып тасып, көне жұрттарды басып қалғандықтан, бұл жерге бара алмай қайтқан болатын. Кейін мұнда әскери полигон орныққаннан соң, бұл өлкеге баруға шектеу қойылды. Сондай жағдайда да Ван Бинхуаның Кроранға баруы осынау байырғы қаланың екінші тынысын ашты. Археологиялық зерттеулер ондағы «Күн шеңберлі көне молалардың» бұдан 3800 жыл бұрын пайда болғанын дәлелдеді. Қабірлерден табылған ғажайып жаңалықтың бірі басына шошақ бөрік киізіп, құрым киізге орап көмілген, алтын шашты әйел мүрдесі. Мұндай мүрде 1980 жылы Кроран маңынан тағы да табылды. Зерттеу нәтижелері олардың қазірге дейін белгілі болған Еуразия кеңістігіндегі ең ерте және ең шығыстан табылған еуропалық нәсілдегі адам мүрдесі екендігін дәлелдеді [9, 382 б.]. Бұдан бұрын А. Стейн Лобнор маңындағы көне қабірден бұзылмай таза сақталған адам мүрдесін тапқан кезде, ол мұны альпілік антропологиялық типке ұқсайтын адам деп кесіп айтқан еді [10.264]. Одан соң Свен Гедин мен Фольке Бергман да Лобнор маңынан осындай адам мүрделерін кездестірген болатын. А. Стейн Лобнор маңындағы Милан көне қаласының қирандыларының арасынан будда храмының қабырға суреттерінің ішінен «қанатты періштенің» суретін көрген кезде ондағы ежелгі грек-рим бейнелеу өнерінің элементтеріне айырықша тәнті болған еді [11, 117-118 б.]. Осы тұста ғылымда «тохар мәдениеті» деген ұғым қауырт көтерілді. Оның негізі ежелгі еуропалықтардың шығысқа көшуі бұған дейін тіл ғылымы тұрғысынан ортаға қойылған көзқарас еді, яғни неміс ғалымдары тапқан деректерге сәйкес ғалымдар Күшар, Яньци секілді жерлерден ертедегі адамдар қолданған бір түрдегі тілді байқаған, және оған «тохар тілі» деп ат берген. Зерттеле келе бұл тіл үнді-еуропа тіл системасының батыс тармағына жататын тіл болып шыққан.

1949 жылдан кейін Шығыс Түркістанның Хотан, Маралбасы аумағынан көптеген Хотанның көне жазба мұрағаттары (于阗文书) табылды. Зерттеу материалдарына негізделгенде, көне Хотан жазуы «негізі үнділік брахман жазуының Гупта стилінен пайда болған. Ол Хотан аймағындағы сақтар қолданған жазу. Ол жазумен хатқа түскен тіл «бүгінде Хотан тілі немесе Хотан сақ тілі деп аталып жүрген тіл». «Бұлай болатын себебі, Хотан аймағы сақтардың мекені әрі олар үнділік сақ қауымымен белгілі қандастық байланысқа ие, тіпті, Орта Азияның солтүстік жағындағы скифтер де олардың туысқандары деп есептеліп келгендіктен еді. Сондықтан Г.У. Бэли Хотан тілі үнді-скиф тілі, немесе дағдылы айтылып келе жатқан сақ тілі дейді» [12, 163-170 б.]. Бұл әрине, тіл ғалымдары мен сақтардың антропологиялық ерекшеліктерін зерттеуші ғалымдардың назарын өзіне тартуға тиіс. Өйткені Тянь-Шаньның оңтүстігі этно-мәдени тұрғыда ерекше күрделі аймақ. Сол себептен ғалымдар онда өмір сүрген тіл ең ертеде үнді-еуропа тіл жүйесінен бөлініп кеткен тіл деген қорытындыға келген әрі бір түркім ертедегі еуропалықтар шығысқа көшіп, Тарым дәриясының бойындағы

көгалдар мен Лобнор маңына қоныс тепкен деген қорытынды пайда болған [13, 215-230 б.]. Ендігі жерде бұл қорытынды жоғарыдағыдай археологиялық мұрағаттармен орныға түседі. Бұдан біз сақтардың расында да анағұрлым мол халықтарды біріктірген супер этнос болғандығын көреміз. Соған қарамастан, олар өмір сүрген кеңістікте халықтардың тұрмыс-тіршілігі мен этно-мәдени болмысы бір-біріне өте жақын болған және әрі әрқайсысы өз тілінде сөйлеген. Бір ғана төбел (шошақ) бөрікті бас киімді (сәукеле формалы) алсақ, оны тек Сырдарияның солтүстігіндегі көшпенді сақтар ғана емес, Шығыс Тянь-Шань сақтары да пайдаланған. Мысалы, Шынжаң Пішән ауданындағы Субеши, Чершен ауданындағы Зағұнлық, Күнес ауданындағы Бестөбе көне қабірлерінен табылған әр түрлі формадағы шошақ бөріктер бұл түрдегі бас киімнің таралу аумағы тіптен кең болғандығын дәлелдейді [14, 396-405 б.].

Өз кезінде мұндай бөріктердің таралу аумағы кеңеюмен қатар кейінгі уақытқа әсері де анағұрлым терең болды. 1983 жылы тамыз айында Күнес өзенінің сол жағалауындағы Бестөбе қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 20 шақырым жерден бұдан екі мың жылдан астам уақыт бұрынғы бағалы қола мұрағаттар табылды. Бұл мұрағаттар: үш сирағы жыртқыш аң бейнесіндегі салмағы 21 кг болатын үлкен қола қазан, бір қола қоңырау, бір-біріне айқасқан сақина пішініндес қоладан жасалған жұп жолбарыс, бір-біріне қарама-қарсы жатқан бір жұп қанатты мақұлық, сынған қола шырағдан, тізерлеп, тік отырған 42 см-лік шошақ бөрікті батыр бейнесі (3-сурет). Ол жайынан мәлімет берушілер мұны «Үйсін мұрағаты» деп хабарлады [15; 16]. Аталмыш сақ жауынгерінің бір тізерлеп жүгініп отырған қола мүсіні құдды өмірдегідей өте әсерлі әрі шынайы, басына киген шошақ төбелі бөркі, жазық маңдайы мен қарсы алдына тура қадалған отты жанары, үлкен сүйір мұрны, бүйрек беті, белінген жоғары бұлшық еттері ойнап тұрған жартылай жалаңаш бейнесі, омасалап отырған батырға тән бейнесі адамға ой салады.

Осындай түз тағысының бейнесі орнатылған мыс табақша, сирағы жыртқыш аң бейнесіндегі қола қазан сақ мәдениетінің типтік ерекшелігіне жатады. Мұндай дүниелер Қазақстанның Жетісу, Тянь-Шань өңірінен ұдайы қазып алынды. Демек, мұндай айқасқан жолбарыс, қанатты мақұлық, жалпы сақиналық шешім – сайып келгенде, бәрі де сақтарға тән көркемдік стиль болып табылады. Бұдан өзге, Алагуден табылған жолбарыс нақышты алтын жапырақшалар мен Шығыс Қазақстандағы Маямерден табылған бүктетілген қабылан бейнесіндегі дөңгелек алтын жапырақша бір-біріне өте ұқсайды [17, 36 б.]. Осынау мысық тұқымдас жыртқыш аңдардың образы сақ-скиф бейнелеу өнеріндегі негізгі өрнек үрдісінің бір түрі деп есептеледі [18, 9-29 б.].

Тарихи деректерден мәлім болған ең ертедегі этнос ретінде сақтар біздің жыл санауымызға дейінгі 5-3 ғасырларда Шығыс Тянь-Шаньдағы юэчжи, үйсін тектес этностармен жиі қарым-қатынаста болды. Бұдан соң Шығыс Тянь-Шаньдағы этно-мәдени өзгерістер ғұндардың солтүстік және батыс бөлігінің Жоңғария мен Жетісу өлкесіне қарай жылжуымен одан сайын тездей түсті.

Осыншама ұланғайыр аумаққа таралған ұқсас жәдігерлер Тянь-Шаньның оңтүстігі мен солтүстігінің б.з.д V ғасырдан б.з. V ғасырына дейінгі аралықта біртұтас этно-мәдени



Сурет 3. Күнестен табылған қоладан жасалған сарбаз мүсіні

кеңістікте болғанынан дерек береді. Дегенмен, айқын жағрапиялық белгі болып табылатын Тянь-Шаньның солтүстігі мен оңтүстігіндегі сақтар және одан кейінгі этностар тіл және антропологиялық типі жағынан өзгеше болған. Таудың оңтүстігіндегілер үнді-еуропалық нәсіл болса, солтүстіктегілер көбінше еуропалық және моңғолоидтық араласпа типте болған. Солтүстігіндегі сақтар негізінен түркі тілінде сөйлеген. Оған дәлел 1970 жылы К.А. Ақышев экспедициясы кезінде Есік қорғанынан табылған Алтын адам мен ондағы күміс тостағандағы жазу. Бұл жазуды жіті зерттеген проф. А. Аманжолов оның көне түркі руна жазуы екендігін бірден мәлімдеді және 26 әріптен тұратын мәтіннің «Аға, саған / бұл/ ошақ! Бөтен /жат ел адамы/, тізеңді бүк! Халықта азық-түлік /мол болғай/» – деп оқылатынын ортаға қойды. Ғалым бұл фактілер Қазақстан жерін ертеде мекендеген сақ тайпаларының тілі көне түркі тілі болғандығын дәлелдей түседі, – дейді [19, 42-43 б.]. Солтүстік сақтарының тіліндегі бұл өзгешеліктер кейін келе ғұн, үйсін, теле, жужан дәуірін артқа тастап, түркі этносының тарих сахнасына шыққан кезінде тіптен айқындалды. Ғұндар мен үйсіндер сақтардың тіліне ғана емес, олардың заттық мәдениетіне де мұрагерлік етті. Сақтардан соң, Жетісу мен Шығыс Тянь-Шаньда сақ, ғұн, үйсін араласпа мәдениеті жарыққа шықты. Олардың орын алмасуы мен этникалық тоғысы жедел жүрілгендіктен, біздің жыл санауымыздың алды-артындағы 500 жылдық кезеңге тән мәдени жәдігерлердің осы аталған этностың қайсысына тән екенін анықтау қиынның қиыны.

Сақтар Іле өлкесінде қоныстанып тұрған кезеңде олар малшаруашылығымен қатар, егіншілікпен және тау-кен істерімен де айналысты. Нылқы ауданындағы Нұрасай мыс кенінің орнындағы карьерлерден кен шығаратын таразы тас табылды. Оның ортасы ойқыл, үш жағында да байлауға қолайлы болу үшін жасалған кертпек бар. Нұрасайда кен орны ашылған дәуір туралы ондағы үңгір тіреулеріне, ішінен өскен ағаш өсімдіктерге «С-14» әдісімен талдау жасағанда, оның бұдан 2440 + 75 жыл бұрын пайдаланылғаны анықталды [20, 132 б.]. Бұл б.з.д. IV ғасырға тура келеді. Ал, жоғарыда тілге тиек еткен Алагу сақ молаларының дәуірі де б.д.д. III ғасыр шамасы. Бұл Алағудегі сақтар моласы мен Нұрасайдағы кен орнының бір кезеңге тән ескерткіштер екендігін әйгілейді.

Нәтижелері

Сақтардан соң тарих сахнасына шыққан үйсіндер де көшпенді малшаруашылығынан өзге, қала салып, отырықшы өмір сүрген. Тарихи деректер Ыстықкөлдің оңтүстік-шығысында үйсіндердің әйгілі Чигу (Қызыл аңғар) қаласы болғанын дәлелдейді. Бірақ, Қытай ғалымдары үйсіндердің ордасы оның шығысындағы, қазір Қытайға қарасты Моңғолкүре ойпатында болған дейді. Бұл туралы проф. Су Бэйхайдың пікірі өте қисынды. Ол былай дейді: мен Чигу қаласының орны Ыстықкөлдің оңтүстік-шығысында деген пікірге қосыламын, сонымен бірге, Моңғолкүре алқабында үйсіндердің ордасы болған деген пікірді де қолдаймын. Бұл бір қарағанда бір-біріне қайшы секілді. Іс жүзінде оның еш қандай қайшылығы жоқ. Өйткені, көшпелі халықтардың ертеден жазғы және қысқы ордасы болған. Мысалы, «Туньдянь» атты кітапта: «юньхуэйдің 2-жылы (651) қаңтар айында сол аду тосқауыл санғұн, Яочи тұтығы Ашына Қара бытырап кеткен қауымын жинап, түтін санын көбейтті. Бас қолбасшының жеңілгенін естіп, Сичжоу мен Тинчжоу дуандарын айламен басып алды... Терғұн (Дэюнь) болса, әкесін өз қауымын бастап батысқа жорық жасауға насихаттап, Ілбіс Шағыр (Иби Шэгуи) қағанды және оның қауымын жеңіп, ордасын Екі өгіз бен Мыңбұлаққа тікті. Өзін Ышбара қаған деп атап, дулулардың бес чоры мен нүшебилердің бес іркінін өзіне қаратып, әскерінің санын неше жүз мыңға жеткізді», - делінеді. Осында тілге тиек етілетін Екіөгіз бен Мыңбұлақтың да біреуі жазғы, біреуі қысқы орда болатын. Идіқұт ұйғыр мемлекетінің қысқы астанасы Тұрфан ойпатындағы Идіқұт қаласы болса, жазғы ордасы Тянь-Шаньның солтүстігіндегі Бесбалық шаһары еді. Сол секілді, үйсіндердің де қысқы

астанасы Чигу қаласы болса, жазғы ордасы Моңғолкүре алқабында болды. Ыстықкөлдің оңтүстік-шығысындағы Чигу аңғары Моңғолкүреге қарағанда жауын-шашын мөлшері аз болғандықтан, қысқы астана құруға өте лайық еді [21, 17-18 б.].

Батыс деректері Орта Азияда юэчжилер мекен еткен Бактрияны «мың қалалы ел» деп жазады. Бактрия юэчжилердің Жетісудан кеткеннен кейін барып тұрақтаған мекені. Олардан соң үйсіндердің кезінде Жетісу, Орталық және Шығыс Тянь-Шаньда да қалалар бой көтере бастады. Бұған дейін, Қытай деректері бойынша Тянь-Шаньның оңтүстігінде 36 балықұлыс (қала мемлекеттері) бар болатын. Археологиялық деректерге негізделгенде, Қотан өңірінде алтын-күміс, асыл тас өңдейтін зергерлік өнері айырықша дамыды. Әсіресе, осы кезде ортаазиялықтар ең алдымен Мысырдың әйнек жасау технологиясын үйреніп, одан түрлі бұйымдар жасайтын болды. Бұл технология кейін келе Жібек жолы арқылы Қытайға тарады [22, 179 б.].

Б.д.д. III ғасырларда Тянь-Шаньның солтүстігі мен оңтүстігінде пайда болған бұл елді мекендер біртіндеп дамып шағын көлемдегі, бір-бірінен тәуелсіз қала мемлекеттері түрінде өмір сүрді. «Хан кітабы. Батыс өңір баянында» (Ханшу. Сиюэцюань) жазылуынша, Батыс Хан патшалығының алғашқы жылдарында, «Батыс өңірде» жасайтын халықтар, көбінесе, бір-бірінен оқшау жағдайдағы қала бектіктері және көшпенді елдер болып тұрды. Бұлар тарихта 36 бектік деп аталды. Кейін келе олардың саны 50-ден астамға жетті. Кунлун тауының солтүстік етегі мен Тарым шөлейтінің оңтүстігіндегі оазистерде Чарқылық (Роу-чияң), Кроран (Луолан)², Шәршән (Чэмо), Андыр (Сяован), Ния (Цзинцзюэ), Роңлу · Ұзынтәгі (Цзуйми), Тохар (Чуйлэ), Ұдүн (Юйтянь), Пасан (Пи-шань), Сака (Сачэ) бектіктері болды. Тянь-Шаньның күнгейі мен Тарым шөлейтінің солтүстік жиегінде Құрықтақ (Шаньго), Аргина (Яньци), Ұшақ (Вэйшуй), Варрия (Вэйли), Чадір (Личуй), Урояб (У-лэй), Күсән (Гуйсы), Ақсу (Вэнсу), Құмық (Гумо), Сапарбай (Вэйтоу), Сулы (шулэ) бектіктері болды. Тянь-Шаньның солтүстігі мен шығысында Баркөл (Пулэй), Артқы Баркөл (Пулэйхоу), Алдыңғы Ғұз (Чэши-цяньго), Ғұз жасақбек (Чэши-доувэй), Ғаға (Хуху), Артқы Ғұз (Чэшихоуго), Артқы Ғұз қалабектігі (Чэши Хоучэнчжаньго), Үлеспе (Юлишэ), Беклүк (Бэйлу), Қаписа (Цзиуго), Шығыс Чеми (Дун Цзиэми), Занғуан (Данхуан), Батыс Чеми (Си Чэми), Атым-зела (Утанцзили), Үйсін (У-сун) бектіктері болды.

Ол кезде Жібек жолының негізгі тармақтары Тянь-Шань тауының оң-сол қапталымен батысқа қарай созылып жататын. Онда жүретін керуендерді арнаулы жасақталған әскерлер қорғап жүретін. Тянь-Шаньның ең шығыс сілеміндегі Құмылдан Шонжы арқылы Жемсарыдан өтіп, одан ары Фуқанды басып батысқа кететін әскери бекіністер бойымен қарағанда, кеңдігі 6-7 шақырымға созылған Таң дәуірінің жібек жолы аталған бекіністердің солтүстігінде жатты. Жергілікті халық күні бүгінге дейін бұл жолды «Табғаш жолы» деп атайды. Бұл бекіністерде керуеннің қауіпсіздігіне жауап беретін бақлаушы жасауылдар тұрды. Алда-жалда барымта бола қалса, ондағылар тұрғыларға от жағып, бір-біріне хабар беретін еді. Әрбір қарауыл керуен жолын ұры-қарақшылардан қорғайтын әскери бекініс іспетті болатын. «Таншу. Жағрапия баянында»: Бэйтин басқағының қоластындағы әрбір тұрғы бекеттердің тізімі жазып қалдырылған. Онда Тинчжоудан батысқа беттегенде Синсиге дейінгі 30 шақырым жерде Сабо қарауылы, Фэнло қарауылы, ары қарай 40 шақырым жерле Иели қарауылы, тағы да 50 шақырым жүргенде Лунтай ауданы, одан ары 75 шақырым жерде Чжанбао қарауылы, одан соң Лидэцзян өзенінен өткенде 35 шақырым жерде Уцзай қарауылы, Баян өзенінен өткен соң 35 шақырым жерде Цинцзин қарауылы, Иэиэ өзенінен өткен соң 35 шақырым жерде Иехэ қарауылы, одан ары Қарасу өткелінен өткен соң 35 шақырым жерде Қарасу қарауылы, тағыда 35 шақырымнан соң Дунлин қарауылы бар. Одан соң Хуансаупо (Қоғалы көл), Дамо (Үлкен құм), Сяоси (Кіші құм) деген жерлерді басып, Сисихэ (қара малта

² Кроран қала мемлекеті кейін Пішамшан деп өзгертілген.

тасты өзен) өзенінен өтіп, Юэчэлин (бәлкім Талқы асуы), Гунюэ (Алмалық) қаласына барады. Цыхуэй өзенінен өтіп, Чэшимань қаласына барады. Одан ары Или (Ле) өзенінен өтіп, Диди өзеніне барғанда Сұяб жерінің шекарасына жетеді. Одан ары тағы да 4 шақырым жүргенде Сұяб қаласына барады. Ол жақта өзен біткеннің бәрі солтүстікке қарай ағып, құмға немесе Ибо теңізіне (Балқаш) құяды” деп жазылған [23, 279 б.].

Сырттай қарағанда бұл Таң империясының Орта Азияны тізгіндеуге арналған әскери бекіністері секілді көрінгенімен, іс жүзінде бұл байырғы Жібек жолының бір сұлбасы болып есептеледі. Сондай-ақ, бұл солтүстікте Тан империясының Жемсары басқағын орталық еткен жібек өнімдерінің таралу аймағы батысқа қарай ойысып, Сұябқа барғаннан кейін Қазақ даласын орталық еткен жібек өнімдерінің таралу аймағын қалыптастырады деген сөз. Бұдан ары жібек маталар Араб теңізі арқылы Жерорта теңізіне, енді бір жағынан Қазақ даласының батыс қиыр шеті арқылы Еділ, Жайықтан өтіп Еуропаға барып жететін.

Бірақ «Далалық жібек жолы» бұл бағытпен ғана шектеліп қалған жоқ. Оның тағы бірнеше тармақтары болды.

Оның бір тармағы Баркөлден батысқа қарай беттеп, Жемсарыға барған соң, Тянь-Шаньның таулы қойнаулары арқылы Қайыңды өзені мен Алатау қобысынан өтіп, Балунтай бекінісі арқылы Үлкен және Кіші Жұлдыз жайлауларына (Қаратау-Көкілік) шығады. Одан ары Нарат арқылы Күнес өзенін бойлап отырып, Іледегі Гунюэ (Алмалық) қаласына барады. Гунюэ қаласы оңтүстік пен солтүстік бағыттағы жібек жолының түйісетін жері. Гунюэ қаласынан оңтүстікке беттегенде Күсәнге, батысқа беттегенде Сұябқа барады.

1966 жылы Тұрфанның Астана көне қала жұртынан табылған 665-673 жылдары жазылған бір сарғайған қағаз жапырақшада Гунюэ қаласынан Күсәнге баратын сауда жолы туралы мәліметтер жазылған.

Аталған қағаз жапырақшадағы жазуларда Іле бойындағы Гунюэ қаласында сақталған жібек маталар санының өте көптігі, ол арадан кез-кедген уақытта жүздеген топ жібек мата алып шығуға болатындығы жазылған. Бұрынғы тарихи мәліметтерде Гунюэ қаласынан Тянь-Шаньды асып, оңтүстік өлкедегі Күсән еліне баратын жібек жолы туралы ешқандай дерек кездеспейтін. Ал аталған тарихи құжатта осы жол жайында ашық көрсетілген [7, 210-211 б.].

Бұдан өзге, Боғда тауының күнгеі мен теріскейіне орналасқан Астана (Гаочан), Бесбалық (Бэйтин) көне қалаларынан шығып, қазіргі Үрімжі қаласының оңтүстігіндегі Ұланбай көне қаласына түйісіп, одан Тянь-Шань тауының теріскейін бойлап, Чамбалық (Чанбала), Екіөгіз (Шуанхэ) арқылы, Талқы кезеңін асып, Алмалыққа (гунюэ) қатынайтын негізгі жол болған. Бұл жол ертеде Орталық Тянь-Шань мен Шығыс Тянь-Шаньды тұтастыратын маңызды күретамыр еді.

Қорытынды

Бұдан Орталық және Шығыс Тянь-Шаньның көне қалалары ежелден-ақ өзінің батысындағы өлкелермен, атап айтқанда, Қазақстан мен Орта Азияның байырғы қалаларымен тығыз байланыста болғанын көруге болады. Бұл сонау Сақ, Хұн, Үйсін дәуірінде қалыптасқан этно-мәдени байланыстардың заңды жалғасы еді.

Жоғарыда біз сақтардың Шығыс Тянь-Шаньдағы кейбір мәдени орындарына ғана тоқталып өттік. Белгілі бір ортақ этно-мәдени, тарихи кеңістікте жатқандықтан, ол жерлерден табылған мәдени мұралар Қазақстан мен Орта Азияның, Алтайдың басқа да жерлеріндегі сақ, хун мәдениетімен белгілі сабақтастыққа, ортақ ерекшеліктерге ие. Сондықтан алдағы жерде бұл мәдени ескерткіштер, көне қалалар мен елдімекендер, діни орындар, қытай ғалымдарымен бірлесіп зерттеуді қажет етеді. Онсыз Қазақстан мен Орта Азиядағы, Алтай өлкесіндегі көне мәдени ескерткіштердің тарихи географиясы бір бүтін болмайды.

Әдебиет

1. Ахмет Ш. Үйсін деректану материалдарынан таңдамалылар 乌孙研究文献选译. 主编夏德曼. 阿合买提. 乌鲁木齐. 中国新疆人民出版社. – 2005. – 386 б.
2. Чжан Чжияо. Алтай, Тянь-Шаньның солтүстігі мен оңтүстігіндегі сақтар мен хұндардың мәдениеті 张志尧. 阿尔泰、天山北部与东部的塞人-匈奴文化 // Далалық Жібек жолы және Орта азия мәдениеті. 草原丝绸之路与中亚文明. – Үрімжі: Шынжаң көркемөнер баспасы, 乌鲁木齐. 新疆美术出版社, 1994. – 361 б.
3. Herodoti 希罗多德著, 王家隽译. *Historiae*. 历史 商务印书馆. 北京. – 1959. – 380 p.
4. СУАР ҒҒА Археология институты 新疆社会科学院考古研究所. СУАР Алағудегі тік ағаш ақымды моланы қазудан хабарлама 新疆阿拉沟竖穴木椁墓发掘简报 // 文物. – Вэну-Мәдени мұра. – 1981. – №1. – 84 б.
5. Mogovern W.M. 麦高文. *The Early Empires of Central Asia*, қытайша басылымы 中亚古国史. 章巽译, 中华书局. – 1958. – 450 p.
6. <https://baijiahao.baidu.com/s?id=1599773458299256635&wfr=spider&for=pc>
7. Су Бэйхай. 苏北海. Қазақ мәдениетінің тарихы 哈萨克族文化史. – Үрімжі: 新疆大学出版, 1989. – 560 б.
8. 王炳华《古代新疆塞人历史钩沉》·《新疆社会科学》. – 1985. – 年第1期. – 48-59页.
9. 韩康信《新疆孔雀河古墓沟墓地人骨研究》·《考古学报》. – 1982. – 年第3期.
10. Stein A. *Innermost Asia: Detailed Report of Explorations in Central Asia, Kan-su and Estern Īrān*. – Oxford, 1928. – 264 p.
11. Stein A. *On Ancient Central-Asian Tracks*. – London, 1933. – P. 117-118.
12. Хуан Чжэнхуа 黄振华. Қотан жазуы 于阗文 // 中国民族古文字. 中国民族古文字研究会编. – 1982. – Б. 163-170.
13. Henning W.B. “The first Indo-Europeans in history”, G. L. Ulmen(ed.), *Society and history: Essays in honor of Karl August Wittfogel*. – Hague, 1978. – P. 215-230.
14. Оу Янчун, Ван Либо. 吴艳春, 王立波. 西域高尖帽文化解析 Батыс өңірдегі шошақ бөрікті бас киім мәдениеті туралы // СУАР Музейі ғылыми мақалалар жинағы 新疆维吾尔自治区博物馆论文集. – Үрімжі: Шынжаң халық баспасы. 乌鲁木齐. 新疆大学出版社, 2005. – 569 б.
15. Байдаулет 巴衣达吾列提, Го Вэнцин 郭文清. ІҚАО Күнес ауданынан табылған қоладан жасалған сарбаздың мүсіні және басқа бағалы мұралар 伊犁哈萨克自治州新源县出土一批青铜武士俑等珍贵文物 // 新疆大学学报 СУ ғылыми журналы (哲社版). 乌鲁木齐. – 1983. – № 4.
16. Синьцзян газеті. 新疆日报. – Үрімжі, 15/10/1983. – 4 б.
17. Руденко Н.М. Искусство скифов Алтая. – Москва: ГМИИ, 1949. – 36 с.
18. Ильинская В.А. Современное состояние проблемы скифского звериного стиля // Скифо-сибирский звериный стиль в искусстве народов Евразии. – Москва: Наука, 1976. – С. 9-29.
19. Аманжолов А. Түркі филологиясы және жазу тарихы. – Алматы: Санат, 1996. – 210 б.
20. Карбон – 14 әдісімен уақытты айқындау тәжірибесінің баяндамасы – V 文物保存科技米研究所 碳14实验室: 碳14年代测定报告(五) // 文物. – Вэну-Мәдени мұра, 1984. – № 4.
21. Су Бэйхай 苏北海. Батыс өңірдің тарихи-жағрапиясы. 西域历史地理. – Үрімжі: Шынжаң университеті баспасы, 乌鲁木齐. 新疆大学出版社, 1993. – 396 б.
22. Ван Чжилай. Орта Азия тарихы. Ерте заман бөлімі. I т. 王治来. 中亚通史. 古代卷. 上. – Үрімжі: Шынжаң халық баспасы, 乌鲁木齐. 新疆人民出版社, 2004. – 371 б.
23. Таң кітабы. Жағрапиялық баянында-4. 唐书. 地理志. 卷四. – Пекин: Чжунхуа кітап мекемесі, 北京. 中华书局 · 1987. – 628 б.

Reference

1. Ahmet Sh. Uysin derektanuw materialdarinan tangdamalylar. Wusun yanjiu Wenxian xuanyi [Selected materials from the source materials of the Uisin]. Wulumuqi, Zhongguo Xinjiang Renmin chubanshe, 2005. 386 p. [in Kazakh].

2. Zhang Zhiyao. Altay, Tianshannying soltustigi vty shygysyndagy saq-hun madeniyeti. Aertai, Tianshan beibu yu dongbude Sairen-xiongnu wenhua [The culture of the Sakas and the Huns in the north and south of the Altai, Tianshan]. In: Dalalyq Jibek joly jane Orta Azia. Caoyuan Sichouzhilu yu Zhongya wenming [Steppe Silk Road and Central Asian culture]. Wulumuqi, Xinjiang Meishu chubanshe, 1994. 361 p. [in Kazakh].

3. Herodoti. Historiae (Chinese version). Shangwu yinshuguan. Beijing, 1959. 380 p.

4. SUAR GGA Arheologia inistituty. Xinjiang Shehui Kexueyuan Kaoguyanjiusuo. SUAR Alagudegi tik aqymdy molany qazudan habarlama Xinjiang Alagu shuxue muguomu fajue jianbao [Message from the excavation of a vertical wooden stream tomb in Alagu, Xinjiang]. In: Wenwu. Madeniy mura [Wenwu. Cultural Heritage]. 1981. №1. 84 p. [in Kazakh].

5. Mogovern W.M. The Early Empires of Central Asia (Chinese version). Beijing, Zhonghuashuju, 1958. 450 p.

6. <https://baijiahao.baidu.com/s?id=1599773458299256635&wfr=spider&for=pc>

7. Su Beihai. Qazaq madeniyetining tariyqy. Hasakewenhuashi [History of Kazakh culture]. Ulumuqi, Xinjiang daxue chubanshe, 1989. 560 p. [in Kazakh].

8. Wang Binghua. Erte zamangy Xinjiang saqtarynyng tariyhyn terengdey zerttew. Gudai Xinjiang Sairen lishi gouchen [In-depth study of the history of ancient Xinjiang Sakas]. In: Xinjiangshehuikexue. 1985. № 1. P. 48-49. [in Kazakh].

9. Han Kangxin. Xinjiang Kunche ozeni boyindagy kone qabirlerdegi adam suyekterin zerttew. Xinjiang Kongquehe Gumugou mudi rengou yanjiu [Study of human bones in ancient tombs along the Xinjiang Kunhe River]. In: Arheologia Gylymi jurnaly. Kaoguxuebao [Journal of Archeology Science]. 1982. №3. [in Kazakh].

10. Stein A. Innermost Asia: Detailed Report of Explorations in Central Asia, Kan-su and Estern Īrān. Oxford, 1928. 264 p.

11. Stein A. On Ancient Central-Asian Tracks. London, 1933. P. 117-118.

12. Huang Zhenhua. Hetianwen. Qotan jazuy [The Kotan inscription]. In: Zhongguo minzu guwenzi. Zhongguo minzu gu wenzi yanjiuhui bian. 1982. P. 163-170. [in Kazakh].

13. Henning W.B. The first Indo-Europeans in history, G. L. Ulmen(ed.), Society and history: Essays in honor of Karl August Wittfogel. Hague, 1978. P. 215-230.

14. Wu Yanchun, Wang Libo. Xiyu gaojianmao wenhua jixi. Batys ongirdegi shoshaq borikti baskiyim madeniyeti turaly [On the culture of pigskin hats in the Western region]. In: SUAR Muzeyi gylymi maqalalar jiyngy [Collection of scientific articles of the Xinjiang Museum]. Urumji, Xinjiang halyq baspasy, 2005. 569 p. [in Kazakh].

15. Baydaulet, Guo Wenqing. IQAO, Kunes awdanynan tabylgan qoladan jasalgan sarbazdyng musini jane basqa bagaly muralar . Ili hasake zizhizhou Xinyuan xian chutu yipi qingtong wushi yong deng zhengui wenwu [A bronze statue of a soldier and other valuable heritage found in the Kunes district of the Ili Kazakh Autonomous Prefecture]. In: Xinjiang daxue Gylymiy jurnaly. Xinjiangdaxue xuebao [Scientific Journal of Xinjiang university]. Ulumuqi, 1983. № 4. [in Kazakh].

16. Xinjiang Gazeti. Xinjiang Ribao (Chinese version) [Xinjiang newspaper]. Ulumuqi. 15/10/1983. 4 p. [in Kazakh].

17. Rudenko N.M. Iskusstvo skifov Altaya [Art of the Scythians of Altai]. Moscow, GMII, 1949. 36 p. [in Russian].

18. Ilinskaya V.A. Sovremennoe sostoyaniye provlemy skifskovo zverinovo stilya [The modern state of the problem of the Scythian beast style]. In: Skifo-cibirskiy zveriniy stil v iskusstve narodov Evrazia [Scythian-Siberian animal style in the art of the Eurasian peoples]. Moscow, 1976. P. 9-29. [in Russian].

19. Amanzholov A. Turki filologiasy jane jazuw tariyhe [Turkic philology and writing history]. Almaty, 1996. 210 p. [in Kazakh].

20. Karbon-14 adisimen waqitty ayqindaw tajiriibesining bayandamasy-V. Tan14 shiyanshi: tan-14 niandai ceding baogao (5) [Report on the experience of determining the time by the method of carbon-14.]. In: Wenwu-Madeniy mura [Wenwu-Cultural Heritage]. 1984. № 4. [in Kazakh].

21. Su Beihai. Batys ongirding tariqiy geografiasy. Xiyulishi dili [Historical geography of the western region]. Uulumuqi, Xinjiangdaxue chubanshe, 1993. 396 p. [in Kazakh].

22. Wang Zhilai. Orta Azia tarihy. Erte zaman bolimi. I t. [A history of Central Asia. Part of antiquity. V. 1.]. Uulumuqi, Xinjiang renmin chubanshe, 2004. 371 p. [in Kazakh].

23. Tangshu. Geografia bayany. IV. Tangshu. Dilizhi. Juan-4 [The book Tang. The geographical report-4]. Beijing, Zhonghua shuju, 1987. 628 p. [in Kazakh].

T.Z. Kaiyrken

*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Republic of Kazakhstan
(E-mail: kairkentz@mail.ru)*

Ancient inhabitants of Eastern Tien Shan and their cultural heritage

Abstract. Anthropological studies of East Turkestan in the region of the Tien Shan mountains are still relevant and in demand. The richest history and culture of the region are of great interest. The Tien Shan Mountains are a natural geographical feature separating it from the center. The south of the mountain is an area of traditional settled culture, and the north is an area of nomadic culture. The article for the first time considers the emergence and development of ethnic, linguistic and cultural ties of the ancient peoples of the Eastern Tien Shan, such as Sakas, Huns, Usuns and Tujue (blue Turks).

So far, however, there has been little discussion about the origin of the Sakas of the Central and Eastern Tien Shan. Some scholars associate them with the Scythians in the west and the Indo-European peoples in the southwest, while Chinese evidence suggests that Sakas came from the east, from the Hessian corridor. According to the author, the Sakas of the Eastern Tien Shan is a superethnos formed by the interaction of Indo-European and Mongoloid peoples; the northern part of the Sakas belonged to the Mongoloid race, who spoke mainly Turkic languages, and a small part of the southern Sakas belonged to the European type, who spoke the Tocharian dialect of the Indo-European languages. The author emphasizes that although they have similar linguistic and anthropological features, they have common elements in applied art and clothing. In this context, the article analyzes the cultural heritage of the Sakas and Usuns found in the Eastern Tien Shan and compared with similar artifacts found in Semirechye and Altai.

The article also pays attention to the ancient cities and settlements along the Great Silk Road, connecting East Turkestan with Central Asia and Kazakhstan.

Keywords: Eastern Tien Shan, Eastern Turkestan, Sakas, Huns, Usuns, ancient Turks, Alagu Saka burial ground, gold jewelry, bronze items, applied arts, animal style, anthropology, linguistic features, economic traditions, the Silk Road, ancient cities.

Т.З. Кайыркен

*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,
Нур-Султан, Республика Казахстан
(E-mail: kairkentz@mail.ru)*

Древние жители Восточного Тянь-Шаня и их культурное наследие

Аннотация. Антропологические исследования Восточного Туркестана в регионе Тянь-Шанских гор до сих пор актуальны и востребованы. Интерес представляет богатейшая история и культура края. Горы Тянь-Шаня – природный географический объект, отделяющий его от центра. С южной стороны гор находятся районы традиционной оседлой культуры, а с северной – районы кочевой культуры. В статье впервые рассматриваются возникновение и развитие этнических, языковых и культурных связей древних народов Восточного Тянь-Шаня, таких, как саки, хунны, усунь и туцзу (древние тюрки).

Происхождение саков в районах Центрального и Восточного Тянь-Шаня до сих пор мало изучено. Одни ученые связывают их генезис со скифами на западе и индоевропейскими народами на юго-западе, напротив, по данным китайских источников, саки пришли с востока, из Хесийского коридора. По мнению автора, саки Восточного Тянь-Шаня представляют собой суперэтнос, образованный взаимодействием индоевропейских и монголоидных народов; северная часть саков принадлежала к монголоидной расе, говорившей в основном на тюркских языках, а небольшая часть южных саков относилась к европейскому типу, говорившем на тохарском диалекте индоевропейских языков. В результате такой ассимиляции появились не только общие антропологические черты и языковые особенности, но и общие элементы в прикладном искусстве и одежде. В данном контексте в статье анализируется культурное наследие саков и усуней, обнаруженное в Восточном Тянь-Шане, и оно сопоставляется с аналогичными артефактами, обнаруженными в Семиречье и на Алтае.

В статье также внимание уделяется древним городам и поселениям вдоль Великого Шелкового пути, связывающим Восточный Туркестан со Средней Азией и Казахстаном.

Ключевые слова: Восточный Тянь-Шань, саки, гунны, усунь, древние тюрки, Алагу сакский могильник, золотые украшения, изделия из бронзы, прикладное искусство, звериный стиль, антропология, языковые особенности, хозяйственные традиции, Шелковый путь, древние города.

Автор туралы мәлімет:

Қайыркен Тұрсынхан, тарих ғылымдарының докторы, шығыстану кафедрасының профессоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университет, Қ. Сәтбаев көшесі, 2, Нұр-Сұлтан, Қазақстан Республикасы.

Information about author:

Kairken Tursynkhan, Doctor of Historical Sciences, Professor of the Department of Oriental Studies, L.N. Gumilyov Eurasian National University, K. Satpayev str., 2, Nur-Sultan, Republic of Kazakhstan.

Сведения об авторе:

Қайыркен Тұрсынхан, доктор исторических наук, профессор кафедры востоковедения, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. К. Сатпаева, 2, Нур-Султан, Республика Казахстан.